

## **Мұғалжар ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 16 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 мамырда № 4909 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 5 маусымдағы № 446 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 05.06.2020 № 446 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 15) тармақшасына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Мұғалжар ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Қ.Аймағанбетов*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Н.Қалиева*

Мұғалжар аудандық мәслихатының  
2016 жылғы "12" сәуірдегі  
№ 16 шешіміне  
қосымша

## **Мұғалжар ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

2. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орын:

1) Қандыағаш қаласы:

Орталық стадион, (Жамбыл Жабаев көшесі, №17);

Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің алаңы (Тәуелсіздік даңғылы, №3);

2) Ембі қаласы:

Орталық стадион, (Есет батыр көшесі, №102);

3) Жем қаласы:

қалалық Мәдениет үйінің алаңы, (Әйтеке би көшесі, №5).

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 18.07.2019 № 335 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Шерулер мен демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді:

1) Қандыағаш қаласы:

С.Сейфуллин көшесінің қиылысынан бастап Жамбыл Жабаев көшесінің бойымен орталық стадионға дейін;

Е.Баймұханбетов көшесінің қиылысынан бастап А.Жұмағалиев көшесінің бойымен Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің алаңына дейін;

2) Ембі қаласы:

Б.Момышұлы көшесінің қиылысынан бастап З.Бралов көшесімен және әрі қарай Есет батыр көшесінің бойымен орталық стадионға дейін;

3) Жем қаласы:

Жем қалалық №5 орта мектебінен бастап Бейбітшілік көшесімен және әрі қарай Әйтеке би көшесінің бойымен қалалық Мәдениет үйінің алаңына дейін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 18.07.2019 № 335 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер, (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

5. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліксіз және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді-мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) ауданның жергілікті атқарушы органының келісімінсіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың

меншігіне материалдық залал келтіруі үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты, нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясының, заңдар мен өзге де нормативтік актілердің басқа ережелерін бұзу болса, немесе оларды өткізу, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

8) алкогольдік немесе есірткімен масаю жағдайында қатысуға жол берілмейді

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізілетін жерлерде алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың үйлестіктерін, прекурсорларды пайдалануға, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын транспаранттар, ұрандар басқа да материалдар пайдалануға (визуалды, аудио/видео), сондай-ақ көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

7. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес өткізіледі.

8. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізу объектісінің жанында тұруға, отыруға;

2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;

3) қысқа ұрандар айтуға, пикеттің тақырыбы бойынша сөздер айтуға жол беріледі.

9. Пикетті өзге түрде жалғастыру үшін (митинг/жиналыс/шеру) ауданның жергілікті атқарушы органының белгіленген тәртіптегі рұқсатын алу қажет.

10. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ауданның жергілікті атқарушы органы өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылуы тиіс.

11. Ауданның жергілікті атқарушы органы өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.